

Б.Қ. Момынова^{1*} , У.Г. Анесова² 

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*e-mail: momynova_b@mail.ru

ҚАЗАҚ САЯСИ ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ САЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

Саяси лингвистика саласы өзге ұлт тілдерінде қалыптасқан, зерттелген. Алайда мақалада қазақ саяси лингвистикасының өзге елдерден бөлек өзіндік қалыптасу тарихы бары және ол елдің тарихымен, қоғам дамуымен байланысты деген көзқарас қарастырылады. Саяси лингвистика гибриділік сипатты сала, ол бірнеше ғылым салаларының тоғысуынан келіп шығады да, біртіндеп қалыптасады. Саяси лингвистика, әсіресе, елдің тарихымен, қоғам дамуымен, мемлекеттілікпен іргелестікте қарастырғанда анық танылатын сала. Сондықтан қазақ тіліндегі қоғам және мемлекет қайраткерлері, саяси тұлғалар, саяси көшбасшы (саяси лидер) тілі, көшбасшылық (лидерлік) ел тарихымен, қоғаммен сабақтастырыла алынып, алғаш рет кезеңделеді. Саяси лингвистиканың негізгі ұғымдары саясат, саяси, саясаткер, мемлекет, мемлекет қызметшісі сөздерінің мазмұны ашылады, олардың қызметі, семантикасы, тіркесімдері, осы сөздердің өзге есім сөздермен тіркесуінен жасалатын атаулар қоғамдық-саяси бағыттағы мерзімді басылымдардан, журналдардан жинастырылды. Ал осы сөздердің тіркесімдерінің атаулануы мақалада ішінара ғана сөз болады. Сондай-ақ мақалада көшбасшы, көшбасшылық сөздерінің мағынасы және саяси көшбасшы ұғымы мен оның типтері туралы, тілдік және сөйлеу кезіндегі саяси көшбасшының түрлі құзыреттілігін танытатын тілдік бірліктерге талдау жасалады. Құзыреттілікті талдау тілдегі адамның әлеуметтік статусымен байланыстырылады. Саяси лингвистиканың базалық ұғымдарынан бөлек саяси лингвистиканың салалық әдіс-тәсілдері туралы да айтылады. Саяси көшбасшылық, саясаткер т.б. сөздердің әдеби тілдегі кодификациялануы қалай өтіп жатқаны тілдік деректер негізінде дәйектеледі.

Түйін сөздер: саяси лингвистика, газет жанрлары, бас мақала, саяси көшбасшылық, көшбасшылықты анықтау параметрлері, саяси көшбасшының құзыреттіліктері, коммуникативті тұлға.

B.K. Mamynova^{1*}, U.G. Anessova²

¹A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: momynova_b@mail.ru

About the peculiarities of kazakh political linguistics and political leadership

The article considers and puts forward the opinion that Kazakh political linguistics has its own history of formation, separate from other countries. This is due to the fact that political linguistics is a hybrid branch of linguistics, which is formed from the merger of several fields of science, forming gradually. Especially political linguistics is an area that is clearly recognizable when considering the history of the country, the development of society, and statehood. Therefore, for the first time, the periodization of the linguistic competencies of statesmen, political figures associated with the history and society of the Kazakh people was carried out. The article contains linguistic facts on the content, functions, semantics of the words politics, political, politician, state and nominations formed in combinations of these words with other words. The sources of examples are periodicals of a socio-political orientation and magazines. The article also partially examines the trend of nominating these words. The article provides information on the politicization of the meaning of the words leader, leadership and the concept of a political leader and its types, the competence of a political leader in language and speech activities. The analysis of the competencies of individuals correlates with the social status of a person. The article also raises the issue of sectoral methods of political linguistics. There is information about how the basic concepts and words of political linguistics are codified in the literary language, and examples are given.

Key words: Political linguistics, newspaper genres, main article, political leadership, parameters of leadership definition, competence of a political leader, communicative personality.

Б.К. Момынова^{1*}, У.Г. Анесова²

¹Институт языкознания имени А. Байтурсынова, г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

*e-mail: momynova_b@mail.ru

Об особенностях казахской политической лингвистики и политическом лидерстве

В статье рассматривается и выдвигается мнение о том, что казахская политическая лингвистика имеет свою историю становления, отдельную от других стран. Это связано с тем, что политическая лингвистика является гибридной отраслью лингвистики, которая образуется от слияния нескольких областей науки, формируясь постепенно. Особенно политическая лингвистика – это область, которая четко узнаваема при рассмотрении истории страны, развития общества, государственности. Поэтому впервые была проведена периодизация языковых компетенций государственных деятелей, политических деятелей, связанных с историей, обществом казахского народа. В статье собраны языковые факты по содержанию, функции, семантики слов политика, политический, политик, государство и номинации, образованные в сочетаниях этих слов с другими словами. Источниками примеров являются периодические издания общественно-политической направленности и журналы. Также в статье частично рассматривается тенденция номинации этих слов. В статье приводятся сведения о политизации значения слов лидер, лидерство и понятии политического лидера и его типах, компетентности политического лидера в языковой и речевой деятельности. Анализ компетенций личностей соотносится с социальным статусом человека. В статье также затрагивается вопрос о отраслевых методах политической лингвистики. Имеются сведения о том, как происходит кодификация в литературном языке базовых понятий и слов политической лингвистики, приводятся примеры.

Ключевые слова: Политическая лингвистика, газетные жанры, главная статья, политическое лидерство, параметры определения лидерства, компетенции политического лидера, коммуникативная личность.

Кіріспе

Саяси лингвистика – бірнеше ірі ғылыми бағыттардың тоғысынан барып қалыптасқан тіл білімінің маңызды саласы.

Қазақ тіл білімінде саяси лингвистика ғылымның бір тармағы ретінде қалыптасып болды ма, әлде әлі де қалыптасу үстінде ме деген сұрақтан бастаған дұрыс. Өйткені талдауға алынып отырған лидерлер (көшбасшылар) мен мемлекеттік қайраткерлер тілі осы сала үшін нақты зерттеу нысандары. Әр елдің саяси лингвистикасының қалыптасуы әртүрлі, айталық орыс тіл білімінде тіл білімінің осы саласының қалыптасу кезеңдерін үшке бөлініп көрсетілген:

– қалыптасу (пайда болу) кезеңі (XX ғ. 30-50 жж.); ғылымның бір саласы ретінде жекеленіп бастауы яки институционализациялануы (XX ғ. 60-80 жж.); қазіргі кезең (XX ғ. 90-жылдарынан қазірге дейін) (Будаев, Чудинов, 2008: 68).

Ал қазақ тіліндегі саяси лингвистика саласының қалыптасуы дәл өзге бір түркі тіліндегідей болмаса орыс тіл білімімен бірдей етіп кезең-кезеңге бөлінбейтіні түсінікті. Бірақ негізгі себебі қазақ тарихының өзге ұлттар тарихынан бөлектігінен туындайды. Сонымен бірге саясат атты түсініктің және саяси ой-пікірден таралатын сая-

си лингвистиканың да қалыптасуы өзге елдердікінен бөлек, өзіндік ерекшеліктерімен дүниеге келуі және солай болуы заңдылық.

В. Петренко мен А. Потапова сынды зерттеушілер саясат теориясын когнитивтік ғылыммен, оның философиясымен байланыста алып қарастырады. Ал саяси лингвистикада саяси көшбасшы және мемлекет қайраткері үшін маңызды компонент сөйлеу әрекеті екені анық айтылады. Сөйлеу кез келген индивидтің тәжірибесі негізінде жинақталады, сондай-ақ сөйлеу оның танымын жеткізетіні туралы пікір бар. Сондай-ақ алдында аттары аталған зерттеушілер «Еуропадағы қазіргі кездегі саяси ойлау лингвистикалық манипуляцияның нақты бір функциясына негізделген саяси риторикалық мәдениет сияқты қалыптасып жатқанына назар аудартады. Басқаша айтқанда, билік жүргізетін коммуникативті стратегия либералды түрде прагматикалық мән-мәтінде орныққанмен, әрі ол тиімділігі жағынан практикада мүмкін болғанмен, кездейсоқтығы да аз емес қайшылықты үдеріс түрінде өтуде. Бұл мәселелер тілді қауіпсіз емес, бірақ тартымдылығы бар және қызықты дүниеге айналдырады. Яғни бұл «мақсат-ниет» пен «тартымды армандар» барынша орныққанының белгісі, бірақ лингвистикалық «мазмұн жазықтығы» «эксп-

рессия жазықтығында» байқалмайды (Petrenko, Potapova: 2014).

Прайс, Фрост пен Робинзон және Маккобидін айтуынша, гуманистік тәрбие мен дұрыс ниетке негізделген көшбасшылық философиясы «мінсіз» және «міні бар/кемшілігі жоқ емес» көшбасшылықты дәріптеуге көшкен. Бұл ұғымдарда қиындықты байқататын мәселелер болғанымен, олар күнделікті өмірде, көсемдік танытушылардың күнделікті тәжірибесінде кейде кейбір өзгерістерді қабылдайтыны да байқалады. Яғни тәжірибе көшбасшылықтың жетілмегендігін білдіреді немесе әділеттілік, батылдық яки тепе-теңдік орын ала алмаған жағдайда «қате шешімдер» қабылданатыны байқалады (Price, 2005), (Frost, Robinson, 1999), (Maccoby, 2004).

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу үшін қоғамдық-саяси бағытты ұстанатын газет-журналдардан, түрлі сөздіктерден тілдік материалдар жинастырылды және іріктелді. материалдар жаппай, талғаусыз алына салмады, іріктелді. Саяси лингвистика үшін негізгі тірек ұғымдар жинақталған соң, тілдік талдаулар жасалды. Бірнеше саяси мәнді сөздің сөздіктерде берілу деңгейі анықталып, олардың мағыналық жақтан сарапталуы барынша толық жеткізілді. Іріктеліп алынған саяси лингвистиканың базалық, ұғымдық бірліктерінің әдеби тіл үдерісінде кодификациялануы қалай өтіп жатқаны сипатталды. Егер олар калькалау арқылы жасалған болса, баламалары берілді, мағыналық салыстырыл берілді. Осы тұрғыда жалпылама, сараптама жасау, сипаттау және салыстырмалы тәсілдер арқылы зерттеу мақаласы жазылды.

Әдебиеттерге шолу

Мақаланы жазу барысында осы тақырыппен айналысып, зерттеп жүрген алыс және жақын шетелдік ғалымдардың, атап айтқанда, Алпатов В.М. (2004), Левкин А. П. (2009), Чудинов А.П. (2006), Гаджиев К.С. (1997), қазақ тілші ғалымдары Ж.Ибраева, Л.Ахатова, Қ. Кенжеқановалардың т.б. зерттеушілердің еңбектері қарастырылды, зерттеушілердің ғылыми ізденістерінен алынған дәйексөздер сілтеме беріле отырып, жазылды. Саяси лингвистика -қазіргі таңда жеке сала. Ғалым А.П.Чудинов жалпы алғанда, заманауи лингвистикаға тән негізгі критерийлердің бәрі де қазіргі таңдағы саяси лингвистикаға жат емес деп санайды. Жеке сала ретінде саяси

лингвистиканың алдына қойған міндеттері аз болмайтынын айтады. Зерттеуші Б.А. Ахатова саяси дискурсты саяси іс-қимылдың вербалданған жиынтығы деп таниды, сондай-ақ институционалды дискурс немесе жалпылама емес, нақты бір әлеуметтік топ адамдарының арасындағы қарым-қатынасқа жатқызады. Сонымен бірге саяси дискурсты арнайы зерттеген зерттеуші Қ.Кенжеқанова саяси институттарды, саяси үдерістерді және саяси технологияларды, оларға қатысты оқиғаларды зерттеп қана қоймай, тілдік тұрғыдан жүйелеу отандық саяси ғылымның дамуына белгілі бір дәрежеде үлес болатынын айтады. Профессор Ж.Қ. Ибраева қазіргі ғылымда орныққан саясат дейтін ұғымның бір-бірімен іштей байланысып жатқан құбылыстар мен үдерістердің кешені санайды. Міне, осы аталған зерттеушілердің және басқалардың пікірлері мақалада керекті жерінде пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ саяси лингвистикасы. Ескерте кеткен жөн, саяси лингвистиканың қазақ тіл білімінде зерттелуі кеш қолға алынғанмен, қазақтың саясат күйіне арналған саяси мағыналы материалдардың жариялануы ХХ ғасырдың басынан басталған. «Қазақ» (1913-1918) газетіндегі бас мақалалар (көбінесе алғашқы бетінде кездеседі) осы саланың алғашқы тілдік көрсеткіштері, материалдары деуге болады. Ал бас мақаланы газеттің алғашқы бетінде жариялап отыру кеңес өкіметі кезінде барынша сақталды. Оның басты себебі бас мақаланың қызметінде еді. Газеттің алғашқы беті мемлекеттік идеологияны, елдегі саяси ахуалды анық көрсететін еді, өйткені бас мақалада басқарушылық, бағыт сілтеушілік сипат болатын. Мысалы: «Передовая и вторая статья должны давать руководство, направление, намечать основную линию поведения. Передовица и подпередовица – не разговоры, не рассуждения, а политическое указание, директива» (Гаджиев, 1997). Шындығында маңызды мәселеле айтылатын «...Бас мақала – газет ұстанатын идеялық бағыттың айнасы. Бас мақала маңызы кеше де, дәл бүгінгі күні де актуальды, себебі, мемлекет тұтынып отырған идеология, ол ұстанған стратегиялық бағыт, оларды іске асырудың тиімді жолдары, құнды пікірлер мен нұсқаулар мақаланың аталмыш түрі арқылы газеттерде күн сайын көрініс беруі – басты саяси бағытты іске асырудың тиімді тәсілі» (Момынова, 2003: 58-59).

Бұл дәйексөз саяси лингвистиканың зерттеу нысаны тек бас мақала екен деген пікірді орнықтырмайды. Өйткені саясатты адам жасайды, яғни ол адаммен байланысты, оның ішінде де адамның сөзіне байланысты. Басқаша айтқанда, саяси лингвистиканың негізгі ұғымдардың біріне лидердің яки көшбасшының (көсем) сөзі жатса, оны талдау қажеттілігі өз-өзінен туындайды.

Мақалада екі түрлі ұғымға мән берілген. Бірі, *мемлекет қайраткері* болса, екіншісі *мемлекеттік қайраткер* термині. Біздің пікірімізше, *мемлекет қайраткері* – бір мемлекеттің аумағында көпшілік танып білетін, атақты тұлға ғана емес, сол ұлттың құндылықтарын дәріптейтін, бағалайтын, өзі соларды ұстанып, өзгелерге танытын адам. Ал мемлекеттік тұлғалар – жалпы алғанда әлденеше мемлекетте белгілі болған тұлғалардың жиынтық, әмбебап бейнесін топтастыра келе ашып беріп, сөйте отырып тілдік талдауларға себеп болатын тұлғалар. Ал тілдік тұлғаларды көптеген түрі бар. Олардың көбін қазақ жазуы қалыптасқан тұстан бастап жазылған еңбектері арқылы зерттей аламыз. Айталық, Алашорда үкіметінің орнығып, дамуына қызмет еткен белгілі тұлғалар, мемлекет қайраткерлері деп атауға лайық тілдік тұлғалар. Қазақ мемлекеттілігі сөз болғанда ХХ ғасыр басындағы тұлғаларды атамай кету дұрыс болмайды. «Саяси қайраткерлер тілі» атты кітапта тілдік тұрғыдан мемлекет қайраткерлерін былайша топтау үлгісі берілген:

1. Ұлттық саяси лидерлер, қайраткерлер ретінде қай тақырыпта болмасын таза қазақ тілінде айтып-жазып, қазақша сөйлеу үлгісін қалыптастырған тілдік тұлғалар (ХХ ғ. басы);

2. Кеңестік кезеңнің алғашқы онжылдықтарында қазақша сөйлеуге басымдық берген

әрі көшбасшы (лидер) және қайраткер ретінде орысша сөйлеу үлгілерін дәстүрге айналдырып, қалыптастыруды бастаған тілдік тұлғалар (ХХ ғ. 30-50 жж. дейін);

3. Кеңестік кемелденген социализм кезіндегі лидерлер мен қайраткерлер тілі немесе негізінен кейбір шаршытоп алдындағы сөздері болмаса ойларын орысша айтып, жазып жеткізген қайраткерлер (ХХ ғ. 50-90 жж. соңы);

4. Тәуелсіздік алған жылдардағы лидерлер мен қайраткерлердің тілдік тұлғасы (2000 ж. – қазірге дейін) (Момынова, 2023).

Зерттеу барысында ана тілімізде мына сөздердің қолданысы толық қалпына түспегендігі (кодификацияланбағаны), түрлі мәтіндерде бірінің орнына бірі жүретіндігі анықталды. Ол терминдерге *көшбасшы*, *көшбасшылық* немесе *лидер*, *лидерлік* ұғымдары. Байқап отырсақ, бұлардың нақты саяси лингвистика саласының термині ретінде кодификациялану үдерісі әлі де аяқталмағанына көзіміз жетті. Саяси лингвистика саласына қатысты басқа да терминдерді қарастыратын болсақ, бір атаудың бірнеше ұғымын орнына жұмсалып жүргенін байқаймыз. Бұл ретте терминжасамның «ұғымнан сөзге» қарай қалыптасу принципін бұзылып отырғандығын байқаймыз. Мәселен «басшы» термині ортақ семасы негізінде көп ұғымдардың атауы болып қалыптасып кеткен. Соның салдарынан қазіргі кезде орыс тіліндегі *вождь*, *шеф*, *глава*, *руководитель*, *глава* сынды сөздердің барлығы «басшы» деп қолданылып жүр. Сөйтіп, «басшы» сөзі бес түрлі сөзге балама болып жүрсе, «басқарушы», «бастық» сөздері кемінде екі ұғымды білдіріп отыр. Осы және басқа да сөздердің берілуін төмендегі кестеден байқауға болады.

1-кесте – Саяси лингвистика терминдері баламаларының қазақ тілінде бір атаумен берілуі

№	Қазақ тіліндегі сөз	Аудармасы	Басқа сөздердің баламасы ретінде қолданылуы
1	басшы	<i>руководитель</i>	<i>вождь</i> , <i>шеф</i> , <i>глава</i>
2	басқарушы	<i>управляющий</i>	<i>распорядитель</i>
3	бастық	<i>начальник</i>	<i>босс</i>
4	көшбасшы	<i>лидер</i>	<i>предводитель</i> , <i>вожак</i> , <i>главарь</i>
5	<i>жетекші</i>	<i>предводитель</i>	<i>главарь</i> , <i>ведущий</i>

Мұндай баламалардың дәл осылай қолданылып кетуіне көп септігін тигізген бұқаралық ақпарат құралдары болып отыр. Теледидар, радио, газет-журналдардағы жарияланымдар мен хабарлардың *лидер* мен *лидерліктің* қалыптануына тигізетін әсері де зор, қатысы да айтарлықтай. Өйткені лидердің трибунасы, лидерліктің танылатын негізгі жері – БАҚ, *лидер* өзін тұлға ретінде БАҚ арқылы танытады. Қайраткерлердің, лидерлердің сөздері, мақалалары қоғамдық-саяси бағытта жарық көретін мерзімді басылымдарда жарық көреді.

Саяси лингвистика – будан сала, ғылымдар тоғысынан туындаған тіл білімінің күрделі саласы. Осы будандық сипат саяси лингвистиканың әмбебаптық негізгі сипатын тудырып қана қоймайды, зерттейтін нысандарды белгілеп алуға да көмегін тигізеді. Негізгі қарастыратын мәселелері ретінде орыс тіл білімінде партиялықты атайды, ал қазақ тіл білімінде Алаш, коммунистік партияларын атауға болады, қазіргі кезде тәуелсіздік, ұлтжандылықты квантитативті семантикалық тұрғыдан контент-сараптамалар арқылы зерттеу қолға алынып жүр. Орыс тіл білімінде әскери үгіт-насихаттың тілдік көрінісі де саяси лингвистикада зерттеледі, олардың саяси лингвистиканың зерттеу нысаны саналады (*Ескерту ретінде*: қазақ тіл білімінде кеңестік кезеңнен бері әскери үгіт-насихат қазақ тілінде пәрменді жүреді және ол саяси лингвистиканың аса маңызды бөлігі деп айту қиын деп санаймыз – авторлар); саясаткерлердің сөйлеу кезіндегі шеберлігін дәстүрлі шешендік риторика аспектісінде қарастыру; саясаткерлердің, саясаткерлердің сөйлеу шеберлігін шешендік өнер саласының эвристикалық жаңа инновациялары негізінде талдау; психолингвистикалық әдістерді тірек ете отырып, саяси лидерлердің идиолектілеріне тілдік тұрғыдан талдау жүргізу; қоғамдық сананы, қоғамдық пікірді бақылауда ұстауда, қоғамдық пікірді манипуляциялау барысында сөз мағынасын, семантикасын, саясаткерлердің пікірлерін амал, саяси құрал ретінде пайдаланатын саяси публицистикаға тілдік талдау жасау; сөздің саяси семантикасы аясында символдарды, символикаларды зерттеу нысаны ету; саяси коммуникацияны экстралингвистикалық факторларсыз жүзеге аспайтынын ескеріп, дискурс-анализ деңгейінде кең спектрлі зерттеу жүргізу; саяси коммуникацияның үдеріс екенін, осы үдерістің адам санасын модельдейтінін талдау арқылы көрсету (Будаев, 2010: 8).

Бұл саланың негізгі ұғымдары лидер және лидерлік екені түсінікті. Бұл ұғымдар әлеуметтану, саясаттану, психология, философия т.б. сияқты ғылым салаларының бәрінде де қарастырылып келген іргелі мәселелер, зерттеліп жүрген ұғымдар. Нақ осы ұғымдар тіл білімінде де зерттеу нысандарына айналған. Орыс тіл білімінде бұл мәселемен айналысқан ғалымдар Алпатов В.М (2000), Левкин А.П. (2009), Чудинов А.П. (2006), Гаджиев К.С. (1997), т.б. атауға болады.

Тіл білімінің жеке бір саласы саналатын саяси лингвистикадағы *лидер* және *лидерлік*, *қайраткер*, *қайраткерлік*, *мемлекет*, *көшбасшы* сынды ұғымдардың мәнін ашып, мағыналық эволюциясын ғылыми тұрғыдан негіздеу – тілдік зерттеулер үшін, тіл кодификациясы үшін маңызды. Лидер сөзінің мағыналық дамуы (өзгерісі, мағыналық айрмашылықтардың пайда болуы т.б.) туралы көп жазылғаны байқалады. Мысалы, «*Көшбасшы* сөзі бастапқыда етістік ретінде қолданылған. Бірнеше ғасырлардан кейін жазбаша ағылшын тілінде, алғаш рет шамамен 1300 жылы, «көшбасшы» зат есімі пайда болды. Бұл көшбасшы ұғымы, яғни өзін-өзі басқаратын адам деген ұғым болмады дегенді білдірмесе керек.

Аталған сөз шынымен де мүмкіндігінше маңызды өзгерістерге ұшыраған. Алайда рөлдік (гендерліктің) атрибут ретінде, мысалы, патша (король), патшайым (королева), дворянин, епископ, аббат, аббатиса (немесе настоятельница), ақсақал, әке (отбасында немесе шіркеуде), олдермен, мэр (әкім), мұғалім, генерал, капитан және т. б. – жекелеген адамдардың рөлдері тек көшбасшылық белсенділіктің арқасында қалыптасқан» (Case, French және Simpson, 2011: 5).

Бұл сөздің мағыналық өзгерісін тарихи құбылысқа жатқызып жүрген ғылыми көзқарастарды кейінгі зерттеушілер де қолдайды: «...Төрт ғасырдан кейін бір айтарлықтай өзгеріс орын алған, яғни өзгеріс алғаш рет 1821 жылы тіркелген: яғни «көшбасшы» сөзінің қатысымен зат есім – «көшбасшы-кеме» (лидер-корабль) пайда болды. Лингвистикалық көзқарас тұрғысынан алғанда, «көшбасшылықтан» «көшбасшылыққа» көшу барынша қарапайым үдеріс болып көрінеді, мысалы, жұмыс → жұмысшы → шеберлік сияқты мейлінше уәжді даму нәтижесіндей сезіледі. Дегенмен, бұл мағыналық ауысуға нақты мән-маңыз дарытқан тарихи мәнмәтін болуы да мүмкін». Осы пікірді айтқан зерттеушілер сөз мағынасының өзгерісін яки сөз мағынасының саясилануын Британ империясының тарихымен

сәйкестікте алып қарайды. Сондай-ақ өндірістік революциялар, 1837 жылы Диккенстің «реформаторлық романы» – «Оливер Твист»-тің жарыққа шығуы да мағына ауысуына әсер еткен деп болжамдайды (Price, 2005), (Frost, Robinson, 1999), (Massoby, 2004).

Ағылшын тіліндегі «Leader» – қазақ тілінде жетекші деген ұғымды жеткізеді. Интернет желілері ақпараттарына сүйенер болғанда, көшбасшы немесе лидер «белгілі бір қоғамдастықтың мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған бірлескен қызметті интеграциялау мақсатымен басқаларға ықпал етуге қабілеті бар тұлға». Сонымен қатар лидер және лидерлік туралы ҚазҰУ Хабаршысында жарияланған мақалада (Момынова, Слямбеков, 2023) осы сөздердің мағыналық өзгерістеріне қатысты біраз мәліметтер айтылып, талдаулар жасалған, аталған сөздердің мағыналық реңктері де ашылған.

Ғылыми әдебиеттердегі мәліметтер бойынша екі ұғымның төмендегідей сапалық белгілерін және қасиеттерін атауға болады: а) лидерлік атты ұғым мен осы ұғымды қарастырған зерттеулердің прагматикасы басым екен. Өйткені лидерлікті өзгелерге ықпалын жүргізу тұрғысынан алып қарастырғанда, тікелей басшылық жасаудың тиімді құралдары туралы айтылады, сөйтіп өзгелерді тиімді басқарудың прагматикасына амалсыз көп көңіл бөлінеді. Ең бастысы, «Батыс елдерінде басқарудың психометрикасы жасалып, басқарудың әлеуметтік жақтан өз бағасын алуына арналған тестер құрастырылып, әдістер-тәсілдері орныққаны айтылады, ең негізгісі, өмірде, осылардың іс жүзінде қолданыс тапқаны жөнінде мәліметтер барынша таралған.

Заманауи талаптарға сай саяси көшбасшы болу үшін белгілі бір тұлға төмендегі талаптарға сай болуы керек:

- Нағыз көшбасшы өзі өмір сүріп отырған ортасына, өзгеге ықпал ете алады; Көптеген көшбасшылыққа арналған ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттерде көшбасшыға телінетін ең басты қасиет – беделді болу, ықпал ету. Ол ортасына ықпал ете алады, айтқанына көндіріп, өз сөзіне сендіріп, бақылап, басқара алатындығы жайлы көп айтылады. Дегенмен, бұл қасиетті ашатын әрекеттерді орындай салу ғана жеткіліксіз, нағыз көшбасшы болу үшін ықпал етуде келесі талаптар орындалуы керек. Біріншіден, ол тек бір мәрте емес, ортасына үнемі, тұрақты түрде, кез келген жағдайда әсер ету қабілетіне ие болуы қажет. Мысалы, тарихта өзінің батырлығы, батылдығымен ерекшеленіп, елге бір рет

ықпал еткен тұлғалар да бар. Алайда саясаттану және қоғамтану салаларының қағидаларына сәйкес бұндай бір реттік ықпал жасаған адамды лидерлер қатарына жатқызуға болмайды. Қазақ тарихында тұрақты түрде әрі барынша XX ғ. басындағы қоғамдық санаға ықпал еткен көшбасшыларға алаш көсемдері жатады және олар сөйлеу стиліне, қазақ тіліндегі жазбаларына қарай көшбасшылыққа лайық өлшемдерге сай тұлғалар саналады; Екіншіден, көшбасшы саналатын тұлға басқару арқылы бүкіл топқа, ұйымға, қоғамға ықпал ете алуы маңызды. Кез келген ірі бірлестіктің өзінде көшбасшыға ықпал ететін әлденеше жергілікті, яғни локальды ықпалын жүргізетін орталықтар болады. Кей жағдайларда көшбасшының өзі топ мүшелерінің ықпалына ұшырайды. Дегенмен қарапайым адамның ықпал етуінен саяси көшбасшының ықпалының артықшылығы көп. Оның ықпал аумағы кең болады және ықпалының бірлестікке (қауымдастыққа) толық таралу мүмкіндігі зор, сондайлық күші бар. Тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ, бұл талаптарды орындап отырған XX ғ. басындағы арыстар, кейінірек елге ықпал еткен кеңестік басшылар және тәуелсіздіктен бері қарай басқарған президенттер мен ықпал еткен қайраткерлер. Әрине саны көп болмағанмен (жазба мәтіндер арқылы тіркелген, халық санасында сақталған), қазақ елінің өзіндік саяси тұлғалары бар. Бірақ солардың ішінде әйелдер жоқтың қасы, тек Алма Оразбаева есімі кейде аталады, онда да материалдар орыс тілінде жазылған; Үшіншіден, саяси көшбасшының ықпалы басым болуы оның негізгі ерекшелігіне жатады. Саяси этикет бойынша көшбасшының дәрежесі мен оны қоршаған адамдармен орнататын коммуникация деңгейіндегі алшақтық байқалуы керек. Яғни көшбасшы өз ортасымен әлдеқайда жоғары деңгейде қарым-қатынас құрып, ықпал етушілік сипатының басым екендігін айқын көрсетеді. Сонымен қатар оның сөзі жоғарыдан төмен біржақты, яғни топ мүшелеріне бағытталады.

- Саяси лидерге қойылатын талаптарға басқару ғана емес, билік барысында күрделі саяси және саяси емес мәселелерді шеше алу қабілетінің болуы, көп жағдайда әлеуметтік ұстанымдарға сүйене отырып басқару жатады. Көшбасшы, бірінші кезекте, қоғамдық көзқарасты қолдап отырады. Көшбасшы ұжым мүшелерінің кейбірінің немесе барлық мүшелерінің топтық мінез-құлқын қажетті бақытқа бағыттайтын күшпен мүмкіндігі бар, ұйымдастыру қабілеті жоғары адам саналады. Байқап қарағанда мұның бәрі

де сөзбен, сөйлеумен, яғни тілмен байланысып жататыны белгілі.

- Нағыз саяси көшбасшы деп атанатын тұлға тек саясатты ғана емес, нарықты да игеруі өте маңызды. Нарық заңдары мен елдің экономикалық жағдайының жақсарып, жаңа жоғары деңгейге көтере алу саяси көшбасшысының кәсіпкерлік пен түрлі ішкі және сыртқы нарықты игергендігінің көрсеткіші бола алады. Оны жүзеге асыру мақсатында ондай тұлға саяси ықпалын қолдану арқылы қоғамның экономикалық қажеттіліктерін өтеу үшін түрлі бағдарламаларды ұсынып, жол картасын жасап, іске асырудың жолдары мен тәсілдерін ұсынып, жауапты басшылық лауазымдарына тапсыра алуы қажет [Сборник документов, 1954].

Саяси көшбасшылық: қазақ және орыс тілді сөздіктерде тіркелуі және тілдік сипаты.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Қазақша-орысша, орысша-қазақша қоғамдық ғылымдар терминдерінің сөздігінде» (Қазақша-орысша, орысша-қазақша қоғамдық ғылымдар терминдерінің сөздігі, 2010) «көшбасшы» және «көшбасшылық» терминдері (*саяс.*) деген белгіленіммен 122-беттен орын алған. Сөздіктің аннотациясында «Терминдердің басым көпшілігі бүгінгі уақыт талабына, ұлт тілінің мүддесіне қарай қайта қаралып жана баламалармен алмастырылды» деген сөздік құрастырушылар аталған екі терминнің қазіргі кезде сәтті саналып жүрген баламаларын тіркегенмен, «көшбасшының» орыс тілдік нұсқасы «предводитель», ал «көшбасшылық» «предводительство» деп көрсеткен екен. 183-бетте негізгі тірек сөз «саяси» болып келген тіркестер бар. Мысалы, «саяси басшылық» («политическое руководство»), «саяси басшы» – «политрук») деп, ал «саяси жетекшілік» сөзінің «политическое лидерство» екені көрсетілген. Жалпы сөздікте «саяси» сөзімен тіркесетін 102 сөздің (оның 4-уі қос сөздің бірінші компоненті, қалғандары тіркестер) көбі атаулық тіркестер. Осыған келіп мынадай пікір түюге болады: «лидер» және «лидерлік» сөздерінің саяси «көшбасшылық» мәні 2010 жылдары әлі толық орнықпаған. Немесе, керісінше, Ұлы Отан соғысы кезіндегі, жалпы кеңестік кезеңдегі, көбінесе қызмет, лауазым атауы есебінде жүретін «лидер» сөзінің «жетекші, жетекшілік» мәнін ауыстыруға келгенде ізденіс жасалмаған. Ақырында орыс тілінде қалыптасқан осы ұғым өзгеріссіз қалдырылған. 2000 жылдардан Алаш өкіметі көшбасшыларымен (лидерлерімен) байланысты «көшбасшылық» мағына еленбеген. Сөздіктің 462-бетінде «лидер» сөзінің аталып

кеткен «жетекшілік»-тен бөлек «лидер турнира» – «турнир озаты» (*спорт*) мағынасы және «озат» деген баламалары тіркелген. Жеке тіркелген «лидер» сөзінің қазақша баламалары «басшы, жетекші, топ бастаушы», ал «лидерство» сөзінің баламасы тек қана «жетекшілік» болса, «лидирование» – «топ бастау» түрінде реестрге енгізілген. Қазақша варианттарында осы баламалар «топ бастау – лидирование» (248-б.), «жетекшілік – лидерство» (белгіленімі жоқ) (89-б.) деп, баламалық бірдейлік сақталған.

Ал Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамыту республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы даярлап, Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық кеңесі баспаға ұсынған, Астана қаласынан 2014 жылы жарық көрген 400 беттік «Этносаяси сөздік» (2014) екі бөліктен тұрады. 6-197-беттердің аралығында қазақ тіліндегі «Қазақстан этносаясатының негізгі қағидаттарын түсіндіретін және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев ұсынған қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылық үлгісімен таныстыратын көптеген терминдер енгізілгені» аңдатпада айтылған, бірақ саяси терминдердің көбі реестрге енбей қалғаны байқалды. «Толеранттылық» та, «қоғамдық келісім» де саяси мәнді ұғымдар екенін құрастырушылар ескермеген. 197-беттен 387-бетке дейін «қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылық үлгісімен таныстыратын көптеген терминдер» орыс тілінде берілген. Реестрге ілінген терминдердің арасынан талдап отырған ұғымдарға («лидер» және «лидерлік» немесе «көшбасшы» және «көшбасшылық») байланысты «лидер» және сәтті балама ретінде қабылданып жүрген «көшбасшы» терминдері жоқ болып шықты. «Л» әрпінен басталатын жалғыз сөз кездесті, ол сөз 271-беттегі «лингвоним» сөзі. Сондай-ақ «саяси көшбасшылық» туралы мәлімет «с»-да жоқ болып шықты, өйткені «с» «сегреция» (315-б.) сөзінен басталған. «Лидер» және «лидерлік», «көшбасшы» мен «көшбасшылық» сөздіктің қазақтілді бөлігінде реестр сөз ретінде берілмеген. Әліпби ретімен «Коряктар» сөзінен кейін бірден «күрдтер» этноатауы орналасқан (174-бет). Бұл мысалдарды келтіргендегі бір себеп, *лидер* және *лидерлік, көшбасшы* және *көшбасшылық* сөздерінің нормалануы мен мағыналық реңктеріне назар аударту мақсатынан туындап отыр.

Саяси көшбасшылық және билік өзара тығыз байланысты. Билік – саяси көшбасшылықтың негізгі бөлігін құрайды. Өйткені, көшбасшылық ұғымы – бір немесе бірнеше адамды, көпшілікті, адамдардың көбін өз еркіне бағындыру дегенді

білдіретіні ғылыми әдебиеттерде анық айтылады. Кез келген қоғамдық сфера көшбасшысыз, яғни лидерсіз болмайды. Лидерлік тек жеке адамға ғана телінетін қасиет емес. Жеке-дара (жеке адамның) лидерліктен бөлек ұжымдық лидерлік те болады. Оған, мысалы, партиялардың, ұжымдардың көшбасшылығын (лидерлігін) жатқызуға болады.

Саяси көшбасшылықты екі түрлі аспектіде қарастырамыз:

1. Ресми түрде бекітілген лауазымдық мәртебе: билік ету, әлеуметтік рөлді орындау, арнайы саяси-экономикалық шешімдер қабылдау;

2. Көшбасшы ретінде танылу үшін бойында қалыптастырған қасиеттер мен мінез-құлық.

Билік барысында өзіне тән ерекше қасиеттердің арқасында билікте өзінің мықты позициясы мен орнын алып, соны сақтай алатын дағдыларды қалыптастыра алады. Көшбасшының атқарған жұмысы мен қолы жеткен нәтижелеріне қарай жетістікке жеткен немесе керісінше нәтижесіз, яғни «жақсы» немесе «жаман» деп бағалауға болады.

2004 жылдардағы сөздіктерде *саяси* сөзі арқылы жасалған тіркестердің басым бөлігі екі компоненттен тұратындығы анықталды, алайда үш және төрт компоненттен тұратын тіркестер де бар. Сөздікте барлығы 80 тіркесім берілген. Олардың кейбіреулері төмендегі кестеде ұсынылып отыр.

2-кесте – «Саяси» сөзімен келетін тіркесімдер (екі, үш, төрт компонентті)

Екі компонентті тіркестер	Үш компонентті тіркестер	Төрт компонентті тіркестер
<i>саяси аймақ</i>	<i>саяси дипломатиялық жол</i>	<i>саяси-экономикалық даму стратегиясы</i>
<i>саяси арена</i>	<i>саяси ерік-жігер</i>	
<i>саяси ахуал</i>	<i>саяси-қоғамдық тәжірибе</i>	
<i>саяси бағдар</i>	<i>саяси қуғын-сүргін</i>	
<i>саяси бәсекелестік</i>	<i>саяси бас қала</i>	
<i>саяси бейтараптық</i>	<i>әскери-саяси ынтымақтастық</i>	
<i>саяси белсенділік</i>	<i>жаңа саяси кеңістік</i>	
<i>саяси билік</i>	<i>партиялық-саяси алаң</i>	
<i>саяси бостандық</i>		
<i>саяси бірлестіктер</i>		
<i>саяси гұмыр</i>		
<i>саяси дағдарыс</i>		
<i>саяси диалог</i>		
<i>саяси есеп</i>		
<i>саяси жағдай</i>		
<i>саяси жауапкершілік</i>		
<i>саяси жоба</i>		
<i>саяси зардап</i>		
<i>саяси қағидаттар</i>		
<i>саяси қадам</i>		
<i>саяси қайраткер</i>		
<i>саяси қарсылас</i>		

Осы тіркестердің ішінде күрделілігімен ерекшеленіп тұратын *саяси-экономикалық даму стратегиясы, саяси бас қала және әскери-саяси ынтымақтастық, жаңа саяси кеңістік, партия-*

лық-саяси алаң күрделі (компоненттерінің саны үш) атаулық сипаты бар тіркестер. Бұл мысалдар 2000-2004 жж. аралығында жиі қолданылған қолданыстар болды (Момынова, 2004: 116-

119). Осы қолданыстардың бәрі бірдей қазірде жиі кездесе бермейді. Сол жылдардан бері *саяси* сөзімен келетін тіркесімдердің өзгерістері мына мысалдардан байқалады: *геосаяси тұрақсыздық* зат. қоғ.-саяси. Себебі қазіргі таңдағы түркі аймақтарындағы геосаяси тұрақсыздықтармен халықаралық құқық дағдарысы Түркі мемлекеттері одағы ұйымының әрбір ұйым мүшесі үшін ХХ ғасырда Мұстафа Шоқай аңсап кеткен Түркі интеграциясының мәні мен мазмұнын арттыратыны сөзсіз («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 6-б.); *саяси қарым-қатынас* зат. қоғ.-саяси. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан билігі үшін қос алып көрші Қытай және Ресеймен саяси қарым-қатынас қалыптастыру күрмеуі қиын мәселе болды («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 4-б.); *саяси мәдениет* Осылайша бәріміз жаңа *саяси мәдениетті* қалыптастыруға атсалыстық (ЕҚ., 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728)); *саяси формула* Биыл депутаттар Мемлекет басшысының «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» *саяси формуласын* іске асыруға белсенді үлес қосты (ЕҚ., 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728)). Бұл мысалдар қазіргі кездегі қолданыстың бәрі, түгелі емес, әрине.

Ал саясат сөзінің де тіркесімдері өзгерген: *бір векторлы саясат* зат. қоғ.-саяси; *көпвекторлы саясат* зат. қоғ.-саяси. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастау алып, бүгінде жемісті жалғасын тауып келе жатқан көпвекторлы сыртқы саясат доктринасы тек Қазақстан үшін ғана емес, алып державалар арасында өзара балансқа негізделген әрбір орта державалы мемлекеттің сенімді сыртқы саясаты стратегиясына айналды («Ақиқат» журналы, 2023).

Саяси көшбасшылық «саяси элита» ұғымымен байланысты. Саяси элита, қалыптасқан көзқарас бойынша, саяси шешімдер қабылдауға қатысатын немесе сол шешімдерді қабылдауға ықпалын жүргізе алатын адамдардың тобы. Ал адам атаулы, тіпті кез келген адам, тек саяси көшбасшы ғана емес, өзіне ғана тән қасиеттерімен ерекшеленетін тіршілік иесі. Сондай-ақ қоғамдағы ең дарынды адамдар элитаны немесе элитарлық топты құрайды. Элита сөзінің қолданыс өрісі кең, бірақ бөріне тән, ортақ мағына – таңдаулы екені. Мысалы: «Элита» сөзінің түсінігі. «Зат. 1. Жаңа сорт өндіру үшін өсімдіктердің, жануарлардың бөлініп алынған таңдаулы нұсқалары (экземплярлары); 2. Таңдаулы, мәртебелі. Сонымен бірге «саяси элита, басқару элитасы, бизнес элита, оппозициялық элита, өрелі элита, рухан-мәдени элита, билік элитасы» (Момыно-

ва, 2004: 139) 2000-2004 жж. әдеби тілде, публицистикалық стильде саяси элита тіркесі жиі кездесетін. Қазіргі кезде саяси көшбасшылық элитаға сүйенеді дегенімізбен, «саяси элита» тіркесімі публицистикалық стильде жиі қолданылады деу қиын.

Көшбасшы немесе лидерлердің типтері. Лидерлердің классикалық үш типі бар деп саналады (М.Вебер классификациясы бойынша):

1. *Дәстүрлі көшбасшылар* – дәстүрлі жолмен, династияның заңды мұрагері ретінде лауазымды орынға, ел басқаруға, саяси көшбасшылыққа келетіндер; 2. *Легальды көшбасшылар* – вакансиялық орынға басшылық қызметке сайланатындар немесе тағайындалатындар. Мұндай адамдардың көшбасшылығы тағайындалған яки сайланған адамның жеке басының артықшылығына байланысты болады дегенмен, сайланып отырған қызметі оған барлық жағынан айтарлықтай басымдық береді. Мұндай адамдар қызметтен кеткен күні көбінесе биліктен де айырылады; 3. *Харизмалы көшбасшылық* көсемдерге тән, немесе көсем (көсемдік) билігі осы категорияға жатады. Жеке басының ерекшеліктеріне немесе көшбасшыдан күтілетін, оған тән ерекшеліктерге сүйенеді және бұл ерекшеліктер иррационалды болады. Егер көпшілік әлгі тұлғаның осындай ерекше иррационалды ерекшеліктері жоғын байқаса, оған деген қызығушылығын жоғалтады, сөйтіп ол биліктен айырылады.

Лидерлерге тән тұлғалық белгілер бар. Бірнеше белгілері тек адамның өзі туралы ойына келетін сипаттары емес, өзгелердің де саяси көшбасшыға тән болса деп тілейтін сипаттары. Осы сипаттардың ішінде лингвистер үшін: саяси нанымдар жүйесі; саяси шешімдер қабылдау стилі; тұлғааралық қарым-қатынас стилі дегендердің тілдік жағы басым болып көрінгенін айтпасқа болмайды. Оның себебі осы уәждердің жүзеге асуы тілге, саяси көшбасшының сөзіне, аузынан шыққан лебізіне байланысты. Өйткені саяси нанымдарын жеткізу лидерлердің сөздік қорына, біліміне қарай жүзеге асады, сондай-ақ өз бойында қалыптастырған білімдер жүйесімен сабақтасып жатады. Дегенмен, тұтасымен алғанда, саяси көшбасшылық сөйлеумен (тілмен) іліктес, сөзбен сабақтас саяси лингвистикадағы құбылыс екенін мойындау керек. Ал көшбасшылардың тұлғааралық қарым-қатынас стиліне саяси лингвистикада ерекше көңіл бөлінеді.

Саяси тілдік тұлға. Лингвистикада сөз сөйлеушілер ауызша тілдесу мен жазба арқылы қарым-қатынасқа түсуіне орай тілдік және ком-

муникативтік тұлғаларға бөлінеді. Тілдік тұлға концепциялық мәселе. Бұл концепция аясына білім, біліктілік пен дағдылар, сонымен қатар сөйлеу кезінде сөзді әспеттеу, құрметтеу, сөз түсінумен, сөз құдіретін бағалаумен бірге, өзінің индивидуальды стилін қалыптастыруы кіреді. Шындығында тілдік тұлға өзінің білімі арқылы, өзгелермен қарым-қатынасы негізінде және өз ортасының әлеуметтік мәдени ықпалына қарай қалыптасады. Сөзбен ықпал ету тілдің түрлі деңгейлері, атап айтқанда, лексика, грамматикасы арқылы, сондай-ақ дауыс екпіні, тембрі, сөзді айту ритмикасына, сөйлеу стилі мен өз ойын жеткізудегі өзіндік ерекшелігі арқылы іске асады.

Әр адамның *сөйлеу стилі* өзінше қалыптасады, өзгелерге ұқсамайды, олардың өзіндік ерекшелігі көп болады. Осы ерекшеліктер әрбір адамның айрықшалығын, ерекше тұлғасын қалыптастырады. Ал сөйлеуді талдау: а) индивидтің лингвистикалық характеристикасына сыни көзқараспен қараумен, ә) оның сөзді іріктеп қолдануын (мағынаға мән бере сөйлеуін), б) тілдің грамматикалық құрылымын сақтауын, в) сөйлеу үстінде интонация мен екпін, қарқын т.б. сөз сазының ерекше белгілерін барынша сақтап қолдануын қарастырумен байланысты.

Тілдік тұлға адамның мәдени деңгейінен бөлек тілдің мәдени деңгейі бар және ол әлеуметтік аспектілермен байланысты. Бұл аспектіде туған мәдениет пен қоғамдық нормаларға, ережелерге сай ұлттық таным мен қоғам норманың әрбіріне басымдық беріледі. Тілдік тұлғаның ерекшеліктерін талдау зерттеушіні коммуникативтік тұлғаны тануға жетелеп әкеледі.

Коммуникативтік тұлға. Коммуникативті тұлға – өз ойын, идеялары мен сезімін ауызша және жазбаша түрде, сөйлеу үстінде ишара, мимика және т. б. сияқты әртүрлі *сөйлеудің* коммуникативті *көмекиі* құралдары арқылы жеткізе алатын, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары орныққан әрі *қабілеті жеткілікті* адам.

Көшбасшылық туралы шетелдік зерттеушілердің тұжырымдары негізінде оларға *тартымды сөз*, яғни сөйлеуді қызықты әрі есте қаларлық ету үшін метафоралар, қайталау сияқты риторикалық әдістерді қолдануының абзалдығын, өз сөздерінде *дәлелдер мен деректер* келтірсе, көшбасшы пікірлері шынайы дәлелдермен, статистикамен және нақты өмір мысалдарымен

расталып, аудиторияның оған деген сенімділігін арттыратыны, сонымен бірге *эмоционалды тартымдылықтың* әсері де, пайдасы да зор екені, эмоцияны стратегиялық қару ретінде қолдануға болатыны, тіпті ақпаратты түсінікті және сенімді жеткізу үшін аудиторияның эмоциясын бақылауда ұстаудың тиімділігі айтылады (Әнесова, 2023: 24-25).

Коммуникативті тұлға келесі қасиеттерге ие: 1. *сөйлеу (сөз) құзыреттілігі*. Бұл жерде коммуникативті тұлғаның тілді білуі және тілді ақпаратты жеткізуде, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қолдана білудің қажеттілігін көрсетеді. Аталған құзыреттілік грамматика, лексика және емле ережелерін игерген, сонымен қатар оларды іс жүзінде, практикалық коммуникацияда да қолдана білетін адам екенін көрсетеді. Осы жерде грек ойшылы Платонның сөйлеуді (сөзді) бес түрге бөлетін классификациясын келтіре кетуге болады: *саяси* – халық жиналғанда немесе жиналыста сөз сөйлеу; *риторикалық* – шешендердің сөйлеуі (сөзі, тілдесуі); *ауызекі* – күнделікті өмірде адамдардың қарапайым түрде сөйлесуі; *диалектикалық* – тілдесудің сұрақ-жауап түрінде өтуі; *ресми* – қолөнершілердің өз арасында яки өзара өздерінің өндірісі туралы тілдесуі.

2. *Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік*. Коммуникативті тұлға қарым-қатынасқа әсер ететін әлеуметтік және мәдени нормаларды жақсы біліп, түсінетіндіктен, сөйлеу мәнері мен мінез-құлқын мәнмәтінге және қарым-қатынас жағдайына сәйкес бейімдей алатын адам ретінде көрінетіндігі.

3. *Когнитивті құзыреттілік*. Коммуникативті тұлға – ақпаратты талдауға, шешім қабылдауға және өз ойлары мен идеяларын халық танымына сәйкестендіріп, халыққа түсінікті түрде жеткізетіндей қабілет иесі. Ол – өз сөзін сол тілдің грамматикалық заңдылықтарына сай құра алады, дәлелдер мен мысалдарды келтіргенде, өз талаптарын қолдайтындай етіп жеткізе алатын адам.

4. *Эмоционалды құзыреттілік*. Коммуникативті тұлға өзгелермен тілдескенде, қарым-қатынас кезінде (сұхбаттасқанда, диалогтарда) өзінің эмоциясы мен түрлі сезімдерін білдіре алады. Сонымен қатар ол – өзге адамдардың эмоционалды күйін, жағдайын түсінуге және осы жағдайды ескеруге, сондай-ақ оларға тиімді жауап беруге қабілеті жеткілікті адам.

Қорытынды

Биліктегілер мен саяси элита үшін қарым-қатынасты дұрыс қалыптастыра алатын коммуникативті тұлғаның орны ерекше. Сондықтан олар қоғамның ілгерілеуінде, биліктің алдына қойған мақсаты мен мүддесін іске асыруда айрықша қызмет атқарады. Себебі ондай адамдар өзгелермен, қоғаммен (мемлекеттегі азаматтармен) байланыс орнатуға, ақпарат жеткізуге, өз сөзіне сендіре алуға және әсер етуге қабілетті тұлғалар. Ол басқалармен үйлесімдікке негізделген қарым-қатынас орнатуы арқасында өнімді еңбек етеді. Сонымен қатар коммуникацияға сүйеніп, яғни қарым-қатынас арқылы өз мақсаттарын іске асыра алады. Бұл ерекшеліктер, әрине, саясаттанудың лидерлер-

ге тән болуы тиіс негізгі қағидаттарына сүйеніп айтылды. Қағидаттар саяси көшбасшының, қайраткерлердің бүкіл болмысы-бітімі ауыздан шыққан сөзбен, тереңдей айтқанда, тілмен астарласып, тілмен іліктесіп жататынын дәлелдейді. Сондықтан саяси лидерлердің, мемлекет қайраткерлерінің тілі тілші ғалымдар тарапынан зерттелуі қажет. Зерттегенде де кешенді түрде қарастырылып, маңызды нысаны болуы тиіс әрі бұл заңды.

Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылыми комитеті қаржыландырады (Грант АР14872021 «Саяси лидерлер мен мемлекет қайраткерлерінің тілі: XX ғ. Басындағы Алашорда көсемдерінен тәуелсіздікке дейін»).

Әдебиеттер

- «Ақиқат» журналы, 2023, №12, 4-б.
- Case P., French R. and Simpson P. Philosophy of leadership // SAGE Handbook of Leadership. – London: Sage, 2011. – P. 685-727.
- Frost P.J., Robinson, S. The Toxic Handler: Organizational Hero – and Casualty // Harvard Business Review. – 1999. – Vol. 77. – Iss. 4. – P. 96-107.
- Maccoby M. Narcissistic Leaders: The Incredible Pros, The Inevitable Cons // Harvard Business Review. – 2004. – Vol. 82. – Iss. 1. – P. 92-101.
- Price T.L. Understanding Ethical Failures in Leadership. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005. – 240 p.
- Petrenko V.V., Potapova A.S. Political Linguistics as a Constituent Part of Modern Political Theory // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol.154. – P. 482-485. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.10.197>
- Алпатов В.М. 150 языков и политика: 1917-2000. Социолингвистические проблемы СССР и пост Советского пространства. – Москва: Крафт+ИВ РАН, 1999. – 224 с.
- Анесова У. Көшбасшылық туралы шетелдік зерттеушілердің тұжырымдары // Саяси қайраткерлер тілі. – Алматы: Қазақ тілі, 2023. – Б. 24-25.
- Будаев Э.В. Сопоставительная политическая метафорология: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т., 2010. – 48 с.
- Будаев Э.В., Чудинов А.П. Методология политической лингвистики // Зарубежная политическая лингвистика: учеб. пособие. – Москва: Флинта: Наука, 2008. – С. 42-68.
- Гаджиев К.С. Политическая философия. – М., 1997. – 605 с.
- Қазақша-орысша, орысша-қазақша қоғамдық ғылымдар терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Орнак» ЖШС, 2010. – 656 б.
- Левкин А.П. Язык политики: место и формы существования. – Москва, 2009. – 214 с.
- Момынова Б. Газет лексикасы. Жүйесі мен құрылымы. – Алматы: «Арыс», 2003. – 228 б.
- Момынова Б. Қоғамдық-саяси сөздердің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004. – 140 б.
- Момынова Б. Саяси қайраткерлер тілі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2023. – 126 б.
- Момынова Б.Қ., Слямбеков Қ.Б. «Лидер» және «лидерлік»: мағыналық реңктері мен баламалары // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №2 (190). – Б. 47-56. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v190.i2.ph5>
- Сборник документов. О партийной и советской печати. – Москва, 1954.
- Чудинов А.П., Политическая лингвистика: Учебное пособие. – М.: Издательство «Флинта», «Наука», 2006. – 256 с.
- Этносаяси сөздік: Қазақстанның қоғамдық келісім және этносаралық толеранттылық саясаты және практикасы терминдері мен ұғымдары – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдердің дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2014 – 400 б.

References

- “Akikat” zhurnaly (2023). [“Akikat» journal”]. Vol. 12, P. 4. (in Kazakh)
- Alpatov, V.M. (2000). 150 yazykov i politika: 1917-2000; Sociolingvisticheckie problemy SSSR i post Sovetskogo prostranstva [150 languages and Politics:1917-2000; Sociolinguistic problems of the USSR and the Post-Soviet space]. Moscow. KRAFT + IV RAN (in Russian)
- Anessova U. (2023) Koshbasshylyk turaly sheteldik zertteushilerdin tuzhyrymdary [Opinions of foreign researchers on leadership]. Sayasi kajratkerler tili [Language of political figures]. Almaty. Qazaq tili. P.24-25. (in Kazakh)
- Budaev, E.V. (2010). Sopostavitel'naya politicheskaya metaforologiya [Comparative political metaphorology]. [Abstract, dissertation of the Doctor of Philology]. UrSPU. Yekaterinburg (in Russian)
- Budaev, E.V., Chudinov, A.P. (2008). Metodologiya politicheskoy lingvistiki [Methodology of political linguistics]. Zarubezhnaya politicheskaya lingvistika [Foreign Political Linguistics: a textbook] Moscow. Flint: Nauka. P42-68 (in Russian)
- Case, P., French, R., Simpson, P. (2011). Philosophy of leadership. In SAGE Handbook of Leadership. London. Sage, P. 685-727.
- Chudinov, A.P. (2006). Politicheskaya lingvistika [Political linguistics. Study guide]. Moscow Publishing house “Flinta” and “Nauka” (in Russian)
- Etnosayasi sozdik: Kazakstannyn kogamdyk kelisim zhane etnosaralyk toleranttylyk sayasaty zhane praktikasy terminderi men ugymdary (2014). [Ethnopolitical dictionary: terms and concepts of the policy and practice of social harmony and interethnic tolerance of Kazakhstan]. Astana: Republican coordination and methodological Center for the development of languages named after sh.Shayakhmetov. (in Kazakh)
- Frost, P.J., Robinson, S. (1999). The Toxic Handler: Organizational Hero – and Casualty. Harvard Business Review. Vol. 77(4), P. 96-107.
- Gadzhiev, K.S. (1997). Politicheskaya filosofiya [Political philosophy]. Moscow. (In Russian)
- Kazaksha-oryssha, oryssha-kazaksha kogamdyk gylmdar terminderinin sozdigi (2010). [Kazakh-Russian, Russian-Kazakh Dictionary of Social Sciences terms]. Almaty. «Ornak» LTD. (in Kazakh)
- Levkin, A.P. (2009). Yazyk politiki: mesto i formy sushchestvovaniya [The language of politics: place and forms of existence]. Moscow. (in Russian)
- Maccoby, M. (2004). Narcissistic Leaders: The Incredible Pros, The Inevitable Cons. Harvard Business Review. Vol. 82(1), P. 92-101.
- Momynova, B. (2003). Gazet leksikasy. Zhyjesi men kurylymy [Newspaper vocabulary. The system and structure]. Almaty. “Arys”. (in Kazakh)
- Momynova, B. (2004). Kogamdyk-sayasi sozderdin tysindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of socio-political words]. Almaty. “Kazakh university”. (in Kazakh)
- Momynova, B. (2023). Sayasi kajratkerler tili [The language of political figures]. Almaty. “Kazak tili” publishing house. (in Kazakh)
- Momynova, B.K., Slyambekov, K.B. (2023). “Lider” zhane “liderlik”: magynalyk renkteri men balamalary [“Leader” and “leadership”: shades of meaning and alternatives]. QazUU Khabarshysy. Fililogiya seriyasi [Bulletin of KazNU. Philology series]. Vol.2(190), P. 47-56. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v190.i2.ph5> (in Kazakh)
- Price, T.L. (2005). Understanding Ethical Failures in Leadership. Cambridge. Cambridge University Press.
- Sbornik dokumentov. O partijnoj i sovetsoj pechati (1954). [Collection of documents. About the party and Soviet press]. Moscow (in Russian)
- Petrenko, V.V., Potapova, A.S. (2014). Political Linguistics as a Constituent Part of Modern Political Theory. Procedia – Social and Behavioral Sciences. Vol.154, P. 482-485. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.10.197>

Авторлар туралы мәлімет:

Момынова Багдан Қатайқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: omynova_b@mail.ru);

Анесова Үміт Ғариғоллақызы – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: omynova_b@mail.ru).

Information about authors:

Momynova Bagdan – Doctor of Philology, Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: omynova_b@mail.ru);

Anessova Umit – PhD, ²Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: omynova_b@mail.ru).

Келін түсті: 19 сәуір 2024 жыл.
Қабылданды: 6 қараша 2024 жыл.